

Жер салығының мөлшерлемелері туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы № 29-1 шешімі

Ескерту. 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 2-тармағымен.

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің (бұдан әрі-Кодекс) 582-бабы 1-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде Кодекстің 577 және 578-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері елу пайызға арттырылсын.

Осы тармақтың ережесі Кодекстің 581-бабында көрсетілген жер учаскелеріне қолданылмайды.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Аққайың ауданы мәслихатының төрағасы

Е. Жәкенов